

«ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
Басқарма отырысының № 16 хаттамасынан
КӨШІРМЕ

Қызылорда қ.

28.08. 2026ж.

КҮН ТӘРТІБІ

Қатысқандар: 7. Басқарма мүшесі - 4, Шақырылғандар- 4.

1. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ-ның «Жылжымайтын мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алу/қосалқы жалға алу) беру ережесінің» 12-бөлімі «Белгіленген жағдайда объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беру», 87-тармағының, 7-тармақшасына сәйкес, жалға алушының инвестициялық міндеттемелері бар жобалар (жөндеу/қайта құру/жабдықтар) бойынша жалға алушылардың өтінімдерін қарау және олардың арасынан жалға алушыны айқындау туралы (Экономика және қаржы департаментінің директоры Н.Ж.Уразбаев).

ТЫҢДАЛДЫ: (Экономика және қаржы департаментінің директоры Н.Ж.Уразбаев). Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ-ның «Жылжымайтын мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алу/қосалқы жалға алу) беру» ережесінің 12-бөлімі «Белгіленген жағдайда объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беру», 87-тармағының, 7-тармақшасына сәйкес, жалға алушының инвестициялық міндеттемелері бар жобалар (жөндеу/қайта құру/жабдықтар) бойынша жалға алушылардың өтінімдерін қарау және олардың арасынан жалға алушыны айқындауды ұсынды.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Дауыс беру қорытындылары:

«Жақтап» – 4 дауыс

«Қарсы» – дауыстар жоқ

«Қалыс қалды» (айрықша пікір) – дауыстар жоқ

Шешім қабылданды: 4 дауыспен.

Мәселені қарау қорытындылары бойынша «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ Басқармасы **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қатысушылар тарапынан ережеге сәйкес ұсынылуы тиіс құжаттардың толық тапсырылуына байланысты инвестициялық міндеттемелері бар жобалар бойынша №1 оқу ғимараты, №9 оқу ғимараты бойынша асханаларды жалға беру рұқсат етілсін.

2. Экономика және жоспарлау бөліміне №6 оқу ғимараты бойынша қатысушылар болмауына байланысты ереженің 12-бөлімі «Белгіленген жағдайда объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беру», 87-тармағының, 7-тарақшасына сәйкес, жалға алушының инвестициялық міндеттемелері бар жобалар (жөндеу/қайта құру/жабдықтар) бойынша жалға беру үшін тиісті жұмыстарды қайта жүргізу тапсырылсын.

3. Ереженің 90-тармағына сәйкес өтінімдерді сараптай келе, келесі тұлғалар жалға алушы (жеңімпаз) болып айқындалсын:

№1 оқу ғимараты бойынша: «НБК Сервис-KZO» ЖШС, инвестиция көлемі - 13 987 191 (он үш миллион тоғыз жүз сексен жеті мың бір жүз тоқсан бір) теңге, жалға алу мерзімі 5 жыл (01.09.2026 ж. - 31.08.2031 ж);

№9 оқу ғимараты бойынша: «Актаева» ЖК, инвестиция көлемі - 9 779 751 (тоғыз миллион жеті жүз жетпіс тоғыз мың жеті жүз елу бір) тенге, жалға алу мерзімі 5 жыл (01.09.2026 ж. - 31.08.2031 ж);

Осы шешімнің орындалуын бақылау Экономика және қаржы департаментінің директоры Н.Ж.Уразбаевқа жүктелсін.

Басқарма Төрағасы-Ректор

Басқарма хатшысы



Н.С.Байқадамов

Л.Ә.Жүсіпова